



# ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

Қазіргі заманғы халықаралық тәртіп





Бүгін біз қазіргі жаһандық халықаралық тәртіптің пайда болуын қарастырамыз. Қазіргі заманғы халықаралық тәртіптің есте қаларлық аспектілерінің бірі - «батыстық» идеялар мен институттардың басым болуы. «Батыс» әдетте Еуропаны (құрлықтың солтүстік және батыс бөліктеріне ерекше назар аударып отырып) және Американы (Америка Құрама Штаттарына ерекше назар аударып отырып) білдіреді.

Суық соғыс кезінде «құпия ережелер» жасалды, олардың бірі Құрама Штаттар мен Кеңес Одағының арасындағы өте шиеленіскен жағдайға қарамастан, бір-біріне қатысты іс-қимыл жасауда зор сақтық таныту болып табылды. Алайда, бұл олардың билік үшін күресуіне кедергі келтірмеді, бұл олардың арасында 1962 жылы Кубада соғыстың басталуына әкеп соға жаздады. Дегенмен, жалпы алғанда, араларындағы қайшылықтарға қарамастан, олардың жалпы маңызды бірнеше мақсаттары болғаны түсінікті, оның үшеуі неғұрлым айқын: ядролық соғысқа жол бермеу, басқа державалардың ядролық қаруды таратуына жол бермеу және еуропалық елдердің өмірлік маңызды мүдделеріне қарсы шыққысы келмеуі.

### **АҚШ және бірполярлық**

Үстемдік етуші АҚШ бірполярлы әлемді басқаруға арналған бірқатар құралдарға ие болды. Оларға мыналар жатады: ең қымбат әскер мен флот; рейтингтік агенттіктер институты; әлемдік валюта; халықаралық соттар; халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк; халықаралық консалтингтік және құқық қорғау ұйымдары; халықаралық төлем жүйелері және т.б.

### **Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін**

АҚШ путиндік Ресейді жақын серіктес ретінде қарастырмайды, бірақ оны КСРО-мен салыстыруға болатын қауіп ретінде де қарамайды. Мұның себебі - Ресейдің идеологиялық миссиясының жоқтығы және олардың аса кең әлемде шектеулі ықпалының болмауы деп санайды. Ресейдің жаңа және бай билеуші тобы да Батыспен қатынасты толықтай үзуге ұмтылмайды. Шын мәнінде, олардың көбі Батыста өмір сүріп қана қоймай, сондай-ақ батыс қаржы нарықтары, әсіресе Лондон арқылы капитал тартуды қалайды. Ресей мен Батыс қарым-қатынасын толықтай тоқтату Батыстың мүдделері сияқты Ресейдің мүдделеріне сай болмас еді.

### **Еуропа: шарықтау және құлдырау?**

Американдықтар АҚШ «суық соғысты» «жеңіп алды» деп есептесе де, Еуропа, әсіресе Германия, ең тікелей бенефициар болды. Біріншіден, құрлық пен бір кездері бөлінген ел біріктірілді. Екіншіден, Шығыс Еуропа мемлекеттері ең маңызды халықаралық құқықтардың бірі - өзін-өзі билеу құқығына қол жеткізді. Ақыр соңында, Еуропа үшін ықтимал жойқын салдары бар ауыр соғыс қаупі тұтастай жойылды. Әрине, бір тәртіптен екіншісіне көшу жанжалсыз өтпеді, бұрынғы Югославиядағы оқиғалар (1990 жылдардағы) өте қайғылы болды. Осыған қарамастан жаңа біріккен Еуропа өзінің ашық шекараларымен және демократиялық институттарымен көп нәрсені күткені айқын.

### **Жаңа азиялық ғасыр?**

Суық соғыстың аяқталуы Азияға мүлде басқаша әсер етті, Азияның қазіргі гүлденуі мен келешек тұрақтылығының негізі оның жаңа экономикалық орталығы Қытайда болып жатқан жағдай болып табылды. Қазіргі кезде Қытайдың дамуы және оның жалпы бүкіл әлемге, атап айтқанда Азияға ықпалы туралы көп жазылған.

### **Жаңа Жаһандық Оңтүстік**

Азияның экономикалық табысы «суық соғыс» аяқталғаннан кейінгі дәуірде тұтастай алғанда неғұрлым аз дамыған елдердің тағдыры туралы үлкен мәселе туғызады. Жоғарыда айтылғандай, үшінші әлемдегі саяси күрестің суық соғысқа қатты әсер еткені сияқты суық соғыс үшінші әлемге үлкен әсерін тигізді. Азаттық қозғалыстары, әрине, әртүрлі идеялармен шабыттанды және өздерінің көптеген мақсаттарына қол жеткізу үшін мүлдем әртүрлі стратегияларды қолданды. Бірақ олардың барлығын кейбір ортақ мақсаттар біріктірді: бұрынғы отаршылдық қожайындарынан босауы, жылдам экономикалық даму және кедейлік, аштық пен сауатсыздық алыстағы естеліктер болып қалатын қоғамдарды тез құру. «Суық соғыс» аяқталғаннан кейін мемлекеттік дамудың кейбір формасы әлемдік нарыққа қарағанда жақсы жолды



ұсынады деген идея күйреді.

Саяси жоба ретіндегі «үшінші әлемнің» күйреуі кейбір құрлықтарда (ең алдымен Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдерінде) жалғасып жатқан азаматтық соғыстардан бастап басқа елдерде әлемдік экономикалық тәртіпке қосылу мүмкіндігіне дейін ауыр мұра қалдырды. Жаһандық Оңтүстік - Азия, Африка, Латын Америкасы және Кариб бассейні елдеріне қатысты термин, оларды Дүниежүзілік банк төмен және орта деңгейдегі табысы бар елдер деп санайды. Бұл елдер жаңа индустриялы немесе индустрияландыру процесіндегі елдер ретінде жиі сипатталады. Жаһандық Оңтүстік географиялық оңтүстікке міндетті түрде жатпайды.

**«Қырғиқабақ соғыс»** - екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, 80 жылдарға дейін созылған социалистік және капиталистік жүйелер арасындағы халықаралық шиеленіс қатынастары.

**Қосылмау қозғалысы** - ұлы державалардың бәсекелес блоктарына еңбеуі мен ортақ мүддені білдіру үшін біріккен, көбінесе дамушы елдердің тобы мен «қырғи-қабақ» соғыс уақытында қалыптасқан қозғалыс.

**Отаршылдық** - техникалық артықшылығын пайдалана отырып, дамыған Еуропа державаларының Азия, Африка және Америка халықтарын экономикалық және саяси езгіге көндіруі. Ұлы географиялық ашулардан басталып, ХІХ ғ. Аяғында отарлы империяларды құрумен аяқталды. Еуропа державаларының отарларды қайта бөлу үшін күресі екі дүниежүзілік соғысқа алып келді. Отарлау жүйесі ыдырағаннан кейін отар елдер саяси тәуелсіздікке ие болды, бірақ экономикасы жағынан тәуелсіздікке қол жеткізе алмады. Нәтижесінде әлем экономикасында олардың теңсіздігі әлі де бар.